

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімге қол қою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 қарашадағы N 1083 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 тамыздағы N 767 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.26 N 767 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Амангелді Смағұлұлы Шабдарбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 15 қарашадағы

N 1083 қаулысымен

мақұлданған

Жоба

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісім

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері (бұдан әрі - **Т а р а п т а р**) ,
қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымы ауқымының кеңеюіне алаңдаушылық білдіре отырып,
қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымы Тараптар мемлекеттерінің қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіретінін сезіне отырып ,
қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күреске бағытталған тиімді шараларды қабылдауда мүдделілікті негізге ала отырып ,
2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясын , 2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын басшылыққа ала отырып,
халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын назарға ала отырып,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты үшін қолданылатын ұғымдар мынаны білдіреді:
қару - ұңғы арнасындағы лақтырғыш зарядтың жануы кезінде пайда болатын газдар есебінен бағытталған қозғалысқа түсетін снарядпен арақашықтықтан нысананы механикалық зақымдауға арналған зат, сондай-ақ оның негізгі б ө л і к т е р і ;

оқ-дәрілер - нысананы зақымдауға арналған және жарылатын, лақтырылатын пиротехникалық немесе сындырғыш зарядтарды құрайтын қару-жарақ заттары және лақтырылатын жабдық не олардың тіркесі;

жарылғыш зат - конденсацияланған химиялық зат немесе сыртқы ықпалдың әсерінен белгілі бір жағдайда тез өз бетінше таралатын химиялық құбылысқа - зор көлемде жылу және газ тәріздес өнімдер бөле отырып, жарылысқа айналатын о с ы н д а й з а т т а р д ы ң қ о с п а с ы ;

қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымы - қаруды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасын бұза отырып, жүзеге асырылатын әзірлеу немесе жөндеу, өткізу, беру, сатып алу, сақтау, алып жүру, тасымалдау.

2-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы мен халықаралық міндеттемелеріне, сондай-ақ осы Келісімге сәйкес қарудың, оқ-дәрілердің және

жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күресте ынтымақтастықты жүзеге асырады.

3-бап

Қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күресте ынтымақтастық мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады :

келісілген шараларды әзірлеу;

Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының қызметін үйлестіру;

ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін жетілдіру;

Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының материалдық-техникалық базасын жетілдіру ;

Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының қызметін ғылыми-техникалық, ақпараттық және талдамалық қамтамасыз ету; халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес мәселелері бойынша Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасын үйлесімді ету ;

халықаралық форумдарда сөз сөйлеу үшін келісілген ұстанымдарды әзірлеу.

4-бап

Қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күресте ынтымақтастық Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

1) мыналар :

дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар және оған қатысты адамдар мен ұйымдар туралы ;

қаруды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды заңсыз өндіретін жерлер туралы ;

олардың зақым келтіру қасиеттерін арттыру үшін қаруды және оқ-дәрілерді қайта жасаудың анықталған заңсыз жаңа әдістері туралы;

қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың айналымы саласында қылмыстардың жасалуына ықпал ететін анықталған құқық бұзушылықтар туралы ;

қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымы фактілерін алдын алудың, анықтаудың, жолын кесудің және тексерудің жаңа әдістерін әзірлеу туралы ;

өзара қызығушылық тудыратын өзге де ақпаратпен алмасу;

2) келісілген жедел-ізвестіру және өзге де іс-шараларды өткізу;
3) жекелеген уағдаластықтар негізінде материалдық-техникалық және консультативтік көмек көрсету, сондай-ақ сараптамалық зерттеулерді жүргізуге жәрдемдесу;

4) тәжірибе, оның ішінде қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес мәселелері бойынша кеңестер, конференциялар және семинарлар өткізу жолымен алмасу;

5) заңнамалық, нормативтік құқықтық кесімдермен, әдістемелік ұсынымдармен алмасу, қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес мәселелері жөнінде оқу және ғылыми әдебиеттер сатып алуға жәрдемдесу;

6) кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін, оның ішінде тағылымдамаларды ұйымдастыру жолымен арттыру;

7) қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес проблемалары бойынша өзара қызығушылық тудыратын бірлескен ғылыми зерттеулер өткізу;

8) Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының деректер банкіне террористік актілер жасалған кезде қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың пайдаланылғаны туралы ақпаратты жіберу.

Тараптар ынтымақтастықтың өзге де өзара тиімді нысандарын анықтауы және дамытуы мүмкін.

5-бап

Осы Келісімде көзделген ынтымақтастық Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары арасында тікелей жүзеге асырылады.

Тараптар осы Келісімнің кушіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдер орындалғаннан кейін 30 күн ішінде депозитарийге осы Келісімді іске асыруға жауапты құзыретті органдар туралы, сондай-ақ құзыретті органдардың және/немесе олардың атауларының өзгеруі туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

6-бап

Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының арасындағы осы Келісім шеңберіндегі өзара іс-қимыл жәрдемдесу туралы сұрау салу негізінде, сондай-ақ Тараптардың бірінің мемлекеті құзыретті органының бастамасы бойынша хабардар ету жолымен екі жақты және көп жақты форматтарда жүзеге асырылады.

Сұрау салу немесе ақпарат жазбаша нысанда жіберіледі. Сұрау салу немесе ақпарат кейінге қалдырылмайтын жағдайда ауызша берілуі мүмкін, бірақ 72

сағаттан кешіктірмей, қажет болған кезде мәтінді берудің техникалық құралдарын пайдалана отырып, жазбаша қайталанып берілуі тиіс.

Сұрау салудың немесе ақпараттың түпнұсқалығына не мазмұнына күмән туындаған жағдайда көрсетілген құжаттарды қосымша растау немесе түсінік беру сұралуы мүмкін.

Сұрау салу :

сұрау салушы және сұрау салынушы құзыретті органдардың атауларын;
сұрау салудың мақсаты мен негіздемесін;
сұрау салынып отырған жәрдемдесудің мазмұнын сипаттауды;
сұрау салудың уақтылы және тиісінше орындалуы үшін пайдасы болуы мүмкін басқа ақпаратты;

егер қажет болса, оның жасырындылық дәрежесін көрсетуді қамтуы тиіс.

Жазбаша нысанда берілген сұрау салуға немесе ақпаратқа жіберуші құзыретті орган бастығы немесе оның орынбасарлары қол қояды және/немесе осы құзыретті органның елтаңбалы мөрімен куәландырылады.

7-бап

Сұрау салынушы құзыретті орган сұрау салудың жылдам және мүмкіндігінше неғұрлым толық орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды және ол түскен күннен бастап 30 тәуліктен аспайтын мерзімде сұрау салушы құзыретті органға оны қарау нәтижелері туралы хабарлайды.

Сұрау салушы құзыретті орган сұрау салудың орындалуына кедергі келтіретін немесе оның орындалуын елеулі кешіктіретін жағдайлар туралы тез арада хабардар етіледі.

Егер сұрау салудың орындалуы сұрау салынушы құзыретті органның құзыретіне жатпаса, онда ол сұрау салуды өз мемлекетінің оны орындауға құзыретті басқа органына береді және бұл туралы сұрау салушы құзыретті органға тез арада хабарлайды.

Сұрау салынушы құзыретті орган, оның пікірінше, сұрау салудың орындалуы үшін қажетті қосымша мәліметтерді сұратуы мүмкін.

Сұрау салудың орындалуы кезінде оны орындау аумағында жүзеге асырылатын мемлекеттің заңнамасы қолданылады. Егер сұрау салынушы құзыретті орган мемлекетінің заңнамасына немесе халықаралық міндеттемелеріне қарама-қайшы келмейтін болса, сұрау салушы құзыретті органның өтініші бойынша оның мемлекетінің заңнамасы қолданылуы мүмкін.

Сұрау салынушы құзыретті орган, егер сұрау салынушы құзыретті органның мемлекеттік заңнамасына қарама-қайшы келмейтін болса, сұрау салушы құзыретті орган өкілдеріне сұрау салуды орындау кезінде қатысуға рұқсат етуі

м ү м к і н .

Егер сұрау салынушы құзыретті орган сұрау салудың орындалуы оның мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа да елеулі мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін не сұрау салынушы құзыретті орган мемлекетінің заңнамасы немесе халықаралық міндеттемелеріне қарама-қайшы келеді деп пайымдаса, оның орындалуы кейінге қалдырылуы немесе оны орындаудан толық немесе ішінара бас тартылуы мүмкін.

Сондай-ақ, егер оған байланысты ол жасаған іс-әрекет сұрау салынушы құзыретті орган мемлекетінің заңнамасы бойынша қылмыс болып табылмайтын болса, сұрау салуды орындаудан бас тартылуы мүмкін.

Егер осы баптың 7 немесе 8-абзацтарына сәйкес сұрау салуды орындаудан толық немесе ішінара бас тартылса немесе оның орындалуы кейінге қалдырылатын болса, сұрау салушы құзыретті орган бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етіледі.

8-бап

Егер алынған ақпарат пен құжаттар жасырын сипатта болса немесе жіберуші Тарап олардың жария болуын қажет деп таппаса, әрбір Тарап олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Ақпарат пен құжаттардың жасырындылық дәрежесін жіберуші Тарап анықтайды.

Осы Келісім негізінде алынған ақпарат немесе сұрау салудың орындалу нәтижелері олар сұратылған немесе берілген мақсаттардан өзге мақсаттарда оларды берген Тараптың жазбаша келісімінсіз пайдаланылмайды.

Осы Келісім негізінде бір Тарап басқа Тараптан алған ақпарат пен құжаттар оларды берген Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге жатпайды.

9-бап

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмесе, Тараптар өз мемлекеттерінің аумақтарында осы Келісімнің орындалуына байланысты шығыстарды дербес көтереді.

10-бап

Осы Келісімнің шеңберінде ынтымақтастықтың нәтижелерін талдау және бағалау, сондай-ақ оны жетілдіру жолдарын әзірлеу мақсатында Тараптар консультациялар мен кеңестер өткізуі мүмкін.

11-бап

Тараптар осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындауы мүмкін даулы мәселелерді консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

12-бап

Осы Келісім Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

13-бап

Осы Келісімнің шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде Тараптар жұмыс тілі ретінде орыс және қытай тілдерін пайдаланады.

14-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімімен осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалар түрінде ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін және осы Келісімнің 15-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

15-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы жазбаша нысандағы төртінші хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап 30-к ү н і к ү ш і н е е н е д і .

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хатшылығы осы Келісімнің депозитарийі болып табылады, ол осы Келісімге қол қойылған күннен бастап 15 күн ішінде Тараптарға оның куәландырылған көшірмелерін жібереді.

Депозитарий Тараптан осы Келісімді іске асыруға жауапты құзыретті органдар туралы хабарламаны алған күнінен бастап 15 күн ішінде бұл туралы б а с қ а Т а р а п т а р ғ а х а б а р л а й д ы .

Осы Келісім 2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына қатысушы болып табылатын мемлекеттердің бірігуі үшін ашық. Біріккен мемлекет үшін осы Келісім депозитарийі оның біріккендігі туралы құжатты алған күнінен бастап 30-к ү н і к ү ш і н е е н е д і .

Осы Келісім Тараптардың кез келгеніне қатысты, ол Шанхай ынтымақтастық

ұйымына мүше мемлекет болып табылатын кезде күшінде болады.

200 " ____ " _____ каласында орыс және қытай тілдерінде бір данада жасалды, бұл ретте екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Үкіметі Ресей Федерациясының
үшін Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК